

Мелиоративтік мақсаттағы ұйымдардың жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 16 қаңтар N 22

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р :

- 1) "Қазагромелиосушар" республикалық мелиорация және су шаруашылығы өндірістік бірлестігі" мекемесі (бұдан әрі - Мекеме);
- 2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазагромелиосушар" республикалық мелиорация және су шаруашылығы өндірістік бірлестігінің "Сары-арқа мелиораторы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен келісім бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) Мекеме мен Кәсіпорынды таратуды жүзеге асырсын;
- 2) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі